

Хаттама №2
11.10.21ж

Жиналыс мақсаты: Қайырымдылық акция жұмыстардың жүргізілуін бақылау, кеңес шешімімен аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету. Үлестіру, жаңа – жылдық шыршаны безендіру, мүжәлсіз отбасы балаларының толықтай қатысуына ат салысу.

Қатысқандар : Қамқоршылық кеңесінің 9-мүшесі

Мектеп басшысы : Т.Т.Бижан

ТЖО : Жаржанова М.

Күн тәртібінде :

1. Қайырымдылық акция жұмыстарының жүргізілуін бақылау, аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету, үлестіру жұмыстарын ұйымдастыру.
2. Жаңа-жаңа жылдық шыршаны безендіруге көмектесу, мүжәлсіз отбасы балаларының жаңа – жылдық шыршаға толықтай қатысуын қамтамасыз ету.

Тыңдалды: ТЖО Жаржанова М. өткізілген акциялар есебімен таныстырды. мектепшілік «Жақсылық жерде қалмайды» атты қайырымдылық акциялары өткізілді, оқушылар тәтті тағамдар пісіріп жәрмеңке ұйымдастырды. мұғалімдер тарапынан көмек берілді. Шығып сөйледі: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Т.Баеділова мектепке жол акциясы бойынша жасалған қайырымдылық ең мүжәлсіз деген отбасы балаларына үлестіру керек екенін айтты. Қамқоршылық кеңесінің ұйғарымымен мынадай шешім қабылдады.

Шешім :

Қамқоршылық кеңесінің шешімімен мектепке жол акциясы аясында алынған заттар мүжәлсіз отбасының балаларына берілді.

2. Жаңа жылдық шыршаға қамқоршылық кеңесінің шешімімен шыршаны безендіруге өз үлестерін қосты.

3. Аз қамтылған отбасы балаларының жаңа -жылдық шыршаға бірінші кезекте қатыстырылды.

Хатшы :



М.Жаржанова

Хаттама №1
02.09.2021ж

Жиналыс мақсаты: Қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау, қамқоршылық кеңесінің мақсаты, бағыттары, функцияларымен таныстыру.

Қатысқандар : Қамқоршылық кеңесінің 9-мүшесі
Мектеп басшысы : Т.Т.Бижан

ТЖО-

М.Жаржанова

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын, хатшысын, кеңесі құрамын бекіту.

2. Қамқоршылық кеңесінің мақсаты, бағыттары, функцияларымен таныстыру.

Тыңдалды: ТЖО Жаржанова Мереке қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндеті туралы таныстырып өтті.) қамқоршылық кеңестің мақсаты: білім беру ұйымына қолдау көрсету, қаржылық қолдауды қамсыздандыруда, материалдық – техникалық базасының нығайуына септесу, сондай-ақ, оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу екенін айтты. Қамқоршылық кеңесі жұмысының бағыттарымен функцияларымен де таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңесінің бағыттары: білім беру, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру, дамыту бағыттарындағы іс – шараларға көмек көрсету. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың тұрмыс жағдайларымен мен жұмыспен қамтылуын жақсарту. Білім беру ұйымдарының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу мен білім беру ұйымы басшылығының қамқорлық кеңесі алдындағы есебін тыңдап қабылдау керектігі туралы айтты.

Тыңдалды: Карасаева К. шығып сөйлеп, жалпы ата-аналар жиналысында қамқоршылық кеңесінің мүшелері сайланған болатын, Кеңес құрамына жергілікті атқарушы және құқық қорғау өкілдері, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері, ата-аналар комитеті ұсынған әр сынып ата-аналары, қайырымдылық жасаушы (спонсорлар) бар екендігін оның құрамы қалалық білім бөлімінің басшысымен бекітілгенін айтып өтті. Бүгінгі жиналыстың мақсаты қамқоршылық кеңестің төрағасын, хатшысын сайлау керектігін айтты.

Шығып сөйледі Шанбаев К. қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау үшін мектептен үнемі тығыз байланыс жасайтын, жауапкершілігі бар, бос уақыты бар кісі керек екендігі айтылды.

Шығып сөйледі: И. Досимова Баеділова Тұрсынгул үнемі мектеппен байланыс жасап тұратындығын айтып, төрайымы болып сайлауына ұсыныс жасады.

Шығып сөйледі: мектеп басшысы Т.Т.Бижан кеңес құрамының жұмысын бастауына сәттілік тілей отырып, осы мүшелердің мектеппен үнемі тығыз байланыста болуына, спонсорлардың мектептің материалдық базасының нығайуына өз үлестерінін қосатынына сенім білдірді.

Шешім :

1. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы болып Баеділова Тұрсынгул сайлансын.

2. Қамқоршылық кеңестің жұмысын одан әрі жандандыру, қайырымдылық жұмыстарын жүргізу алға қойылсын .

3. Мектептің материалдық базасының нығайуына үлес қосу, оның қызметіне бақылау жүргізу қамқорлық кеңесінің мүшелеріне жүктелсін .

Хатшы  М.Жаржанова

Құдықсай негізгі мектебінің «Қамқоршылық кеңес» отырысының

ХАТТАМАСЫ №5

Өтілген күні: 23.05.2022 ж.

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, ата-аналар, жергілікті мекеме қызметкерлері

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. «Қамқоршылық кеңестің» ережесімен, мақсат-міндеттерімен, құру тәртібімен таныстыру
2. Мектеп формасы туралы ережемен таныстыру
1. Тыңдалды: 1-мәселе
2. а) Сөйледі:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директоры Т.Бижан сөз алып, жиналысқа қатысушыларды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 22.12.2016 жылғы №715 бұйрығымен бекітілген «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережемен таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік, бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы тарту мақсатында құрылатындығын айта келіп, міндеттеріне тоқталды.

1. Жалпы білім беру ұйымының жұмысының айқындығын арттыруға және жетілдіруге бағытталған бастамалар ұсыну және оны талқылау.
2. Жалпы білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасы мен оқу базасын нығайту және жетілдіру, оның аумағы мен кабинеттерін көбейту.
3. Білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсету.
4. Мектеп органдарының жұртшылықпен тиімді қарым-қатынасы үшін жағдай жасау.

Қамқоршылық кеңесінің құқықтары мен міндеттеріне, оның қағидаларына, сонымен қатар кеңестің құрамына тоқталып өтті.


Тыңдалды: 2-мәселе


1. ә) Сөйледі:

2. Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша сөз алған ата-аналар комитетінің төрайымы Т.Баеділова мектеп формасынын үлгісіне және ер балалар мен қыз балалардын киімдеріне тоқталып өтті. Мектеп формасынын түсі қара 1-9 сынып оқушылары үшін: ұлдар – қара түсті пиджак, жилет, шалбар, ақ түсті жиде.
3. Қыздар –қара түсті жилет, юбка, ақ түсті жиде Қыздарға арналған юбканын ұзындығы тізеден 5 сантиметр аспауы тиіс.
4. Дене шынықтыру сабағында оқушылар киімдерін спорт киіміне ауыстыруға міндетті.
5. Спорт залындағы міндетті спорт киімдері : ақ түсті футболка спорт трикосы қара түсті, спорттық аяқ киім;
6. Далада өтетін сабақ үшін – спорттық костюм (олимпийка, спорттық шалбар) және кроссовки.

Шешімі:

1. Қамқоршылық кеңестің ережесіне сәйкес Құдықсай негізгі мектебінде құрылған кеңестің жұмысы жандандырылсын.
2. Мектеп формасы бекітіліп мектеп формасын сақтау қадағалансын

Қамқоршылық кеңес төрайымы:  Т.Баеділова

Хатшы:  И.Досимова